

• «Невада – Семей» антиядролық қозғалысына – 25 жыл

**Биыл халықаралық «Невада - Семей» антиядролық қозғалысының құрылғанына 25 жыл толып отыр. Осыған орай жақында Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында еліміздің ядролық қарусыз мемлекет ретіндегі мәртебесін насихаттап, қоғам назарын экологиялық және радиациялық қауіпсіздік мәселелеріне аудару мақсатында «Қазақстанның ядролық қасіреті» атты дөңгелек үстел кездесуі өтті.**

Дөңгелек үстелді жүргізуші халықаралық кітаптар бөлімінің кітапханашылары Әйгерім Нұрмағамбетова мен Айым Армеева жиналған жастарға «Невада - Семей» қозғалысының туу тарихы туралы әңгімелеп, назарларына «Семей облысындағы кеңес ядролық полигоны» және «Семей полигоны туралы бар шындық» атты бейнефильмдерден үзінді ұсынды. Қазақстанда ядролық қаруды сынай отырып, бұрынғы кеңестік жүйе өзінің құрамындағы одақтас, бодан елдердің халқына адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған аса қатерлі қастандық жасады. Біздің республикамызда радиациядан жарты миллионнан астам адам зардап шекті. Қазақтың белгілі ақыны, қоғам қайраткері, сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов атом ордасы жөніндегі қасіретті шындықты Қазақстан халқына ашық мәлімдеп, Семей сынақ алаңын ғана емес, әлемдегі басқа да ядролық полигондарда атом жарылыстарын тоқтатуға шақырды. Екі миллион қазақстандықтар қол қойған қозғалыс Ресей, АҚШ, Жапония сияқты мемлекеттерде қолдау тапты. 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» №409 жарлыққа қол қойды. Қозғалыстың зор дүмпуі арқасында Американың Невада штатындағы, Ресейдің Жаңа жер аралындағы, Францияның Мороруа және Қытайдың Лобнор көлі маңында орналасқан бес суперполигонның үні өшті. Сөйтіп, «Невада - Семей» қозғалысы өзінің тарихи миссиясын ойдағыдай орындады. 1992 жылы Тәуелсіз Қазақстан өзін ядролық қарусыз мемлекет деп жариялап, әлем халықтары алдына тағы бір ізгі өнегесімен танымал болды.

Кездесуде облыс орталығындағы экологиялық музейдің директоры Дмитрий Калмыков сөз сөйлеп, атом полигоны болған алқаптың қазіргі жағдайы туралы әңгімеледі. Уланған аумақ қоршалмаған. Адасып мал да, адам да тап болуы мүмкін. Кезінде музей қызметкерлері полигон аумағын зерттеп, Ресей әскерлерінің радиациямен қай жердің қанша уланғандығы туралы мәліметтері бар картаны жария еткен. Экомузей полигон зардаптары, жалпы ядролық және экологиялық апаттар туралы шырылдап шындықты айтып жүрген бірден-бір үкіметтік емес ұйым болып табылады.

Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының баспасөз хатшысы.



«Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының бұрынғы орынбасары, белгілі журналист Аман Жанғожин өз әңгімесінде кешегі атом жарылыстары мен бүгінгі экологиялық проблемаларды ұштастырды. Ол «Невада - Семей» қозғалысы мен атом полигонының зардаптары баспасөзде қалай жарияланып келгендігі туралы тарихи шолу жасады. Мысал ретінде деректерді оқырмандарға «Орталық Қазақстанның» қазіргі бас редакторы Мағауия Сембайдың «Қолыма қалам алдым айтамын деп» және «Алаштың алдаспаны» атты кітаптарынан келтірді. Автордың бір очеркінде тарихта қайта құру, жариялылық деген атпен қалған кезеңде, яғни, өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғында АҚШ пен Кеңес мемлекеті жарыса атом жарылыстарын жасап жатқан уақытта американдық бақылаушылармен бірге Семей полигонында, содан кейін тіпті Невада полигонында болған журналист Сейітқазы Матаев туралы әңгімеленеді. «Тозаққа айналған туған жер» деген атпен жарияланған сұхбатында ҚазМУ-дің биогеохимия зертханасының меңгерушісі Рысбек Ыбыраев тұңғыш рет қазақ баспасөзінде ядролық қатердің беймәлім жәйттарын жария етеді (сұхбат 1991 жылы республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде басылған).

Ал, «Дегелең дерті, Қарқаралы қасіреті» (2003) және «Дертті даланың дерегі» (2006) атты проблемалақ мақалаларында туған жердің қасіреті баяндалып, жаңағы экомузей зерттеушілері мәлім еткен дертті даланың радиацияланған жерлерінің картасы республикалық және облыстық газеттерде қалың оқырман назарына ұсынылды. Бұларды біз азаматтық ерлік деп бағалауымыз керек.

- Халықтың радиациялық және экологиялық сауатын жетілдіре беруіміз қажет,- деді Аман Жағдаұлы әңгімесін жалғастырып. - Егер 80-жылдары газеттер Семей полигоны, Байқоңыр ғарыш айлағы, Арал мен Балқаш көлінің тартылуы туралы дабыл көтерсе, кейін жерге құлаған ғарыш кемелерінің отыны - улы гептил, атом электр станциясын салу керек пе, әскери полигондардың қалдықтары туралы мәселе қойды. Сол проблемалардың біразы әлі күнге дейін шешілген жоқ. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, экология департаменту Астанадағы «Жасыл даму» АҚ, басқа да үкіметтік емес ұйымдар облыс өңірінде қордаланып қалған күрделі экологиялық проблемаларды шешу мәселелерін қарастыруда. Атап айтқанда, олар: Нұра өзенін сынаптан тазарту, бұрынғы Қарағайлы

кен-байыту комбинатының барит-қорғасын қалдықтары қоймасын рекультивациялау, Балқаш көлі маңында бұрынғы әскери «Дарьял У» РЛС әскери мекемесінің ПХД - полихлордефинил улы қалдықтарын жою мәселелері. Бұған адамның антропогендік қызметі әсерінен пай-

да болған, аймақтағы өнеркәсіп алыптарының тонналаған тастандыларын, өзен-көлдердің ластануын, тұрмыстық қалдықтар полигоны мен оларды өңдейтін өндірістің жоқтығын қосыңыз. Осының бәрі тиісті шаралар қолданбаса бір кезде гүл жайнаған Сарыарқаның экологиялық апат аймағына айналатындығын көрсетеді. Бұл тұрғыда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен қолға алынып жатқан «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын іске асыру, елордамыз Астанада осы ұранмен өтетін «ЭКС-ПО - 2017» көрмесінен үлкен үміт күтеміз.

Кездесуге қатысушылардың назарына кітапхана қорындағы әдебиеттерден іріктелген «Қазақстанның ядролық қасіреті» атты кітап көрмесі ұсынылды. Көрмеде дөңгелек үстелге қатысушы тарихшы мұғалім Радик Бикбатыровтың «Безъядерный Казахстан - дорога к миру» және басқа да кітапшалары, Еркін Байғабылұлының «Ядролық зұлмат», Семей өмірінің белгілі қоғам қайраткері Кешірім Бозтаевтың «Семей полигоны. Қайнар қасіреті», «Семипалатинский полигон», «Человек и атом» атты құнды шығармалары оқырмандар тарапынан үлкен ынта тудырды. Кітапхана директоры Дина Аманжолова дөңгелек үстелге қатысқан азаматтарға ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттарымен марапаттады.

А.ЖАНДОСОВ